

Белағаш ауылындағы көшені қайта атау туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Белағаш ауылдық округінің әкімінің 2016 жылғы 30 мамырдағы № 3 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 30 маусымда № 3884 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына сәйкес және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Белағаш ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Белағаш ауылындағы Хорошевская көшесінің атауы – Көшен Елеуов көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Белағаш ауылдық округінің әкімі

А. Купенов